

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**

Бекітемін:

Меңгерушісі: Бисебаева.А.К



Келісемін

Әдіскері: Толыбаева.Ш.Р



Ата-ана жұмыс жоспары

«Балапан»кіші тобы

Тәрбиешілер: Байманова.А. Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Ата-ана жұмыс жоспары «Балапан»ересек тобы.

№	Айы	Жұмыс түрі	Тақырыбы	Мақсаты	Жауапты адамдар
1	Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы	«Жаңа оқу жылындағы міндеттер»	Ата-аналарды оқу жылымен таныстыру	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
2	Қазан	Көрме	Күз сыйы	Отбасылық шығармашылықты дамыту	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
3	Қазан	Кеңес	Күзгі дәрумендер	Денсаулықты нығайту	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
4	Қараша	Кеңес	5жастағы бала дамуы	Жас ерекшелігімен таныстыру	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
5	Желтоқсан	Ертеңгілік	«Қош келдің,жаңа жыл»	Мерекелік көңіл күй қалыптастыру	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
6	Қантар	Спорттық сайыс	«Әкем анам және мен»	«Салауатты өмір салтын насихаттау»	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
7	Ақпан	Сайыс	«Ұлттық ойындар»	«Ұлттық құндылықтарды дәріптеу»	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
8	Наурыз	Ертеңгілік	«Анашым асыл жан»	Анаға құрмет	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
9	Сәуір	Экологиялық акция	«Жасыл балабақша»	«Табиғатты қорғауға тәрбиелеу»	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
10	Сәуір	Кеңес	Табиғатты аялау	«Экологиялық тәрбие қалыптастыру»	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д
11	Мамыр	Қорытынды жиналыс	«Бір жылда не үйрендік?»	Жылдық жұмысты қорытындылау.	Тәрбиешілер Байманова А Г Қазыбаева Д Д

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы міндеттер»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Аманжол

Тақырыбы: Жаңа оқу жылындағы міндеттер .

Білім беру міндеттері: Балалардың сөйлеу тілін дамыту;

Сөздік қорын молайту;

Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру;

Қоршаған ортамен таныстыру;

Танымдық қабілеттерін арттыру.

Тәрбиелік міндеттер:

Әдептілікке, сыйластыққа тәрбиелеу;

Достық қарым-қатынас қалыптастыру;

Үлкендерді құрметтеуге үйрету;

Отанға, табиғатқа сүйіспеншілікке баулу;

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Дамытушылық міндеттер:

Ұсақ және жалпы моториканы дамыту;

Шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;

Қиялын, есте сақтауын дамыту;

Логикалық ойлауын қалыптастыру;

Өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру.

Денсаулық сақтау міндеттері:

Салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Тазалық сақтауға үйрету;

Қауіпсіздік ережелерін меңгерту;

Дене шынықтыруға қызығушылықтарын арттыру.

Ата-анамен жұмыс міндеттері:

Балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту;

Ата-аналарды оқу-тәрбие жұмысына тарту;

Бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;

Педагогикалық кеңестер беру.

Күтілетін нәтиже:

Өз ойын анық жеткізе алады;

Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады;

Танымдық белсенділігі артады;

Шығармашылыққа қызығушылығы дамиды;

Мектепке даярлығы қалыптасады.

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Күз сыйы»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Аманжол

Көрме: «Күз сыйы»

Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту, табиғат байлығын қадірлеуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

Күз мезгілінің ерекшеліктерін таныту;

Табиғи материалдардан бұйым жасауға қызығушылық қалыптастыру;

Отбасылық бірлескен жұмысты насихаттау.

Көрмеге қатысу шарттары:

Қолөнер жұмыстары табиғи материалдардан жасалуы тиіс;

Жұмыс эстетикалық талапқа сай болуы қажет;

Әр жұмысқа қатысушының аты-жөні жазылады.

Қолданылатын материалдар:

Жапырақтар, асқабақ, алма, картоп, сәбіз, жаңғақ, бүршік, гүлдер, дәндер және т.б.

Көрме безендіруіне идеялар:

«Күзгі бақ»

«Берекелі алтын күз»

«Табиғат ғажайыптары»

«Күзгі ертегі әлемі»

Ата-аналарға хабарландыру

Құрметті ата-аналар!

Сіздерді балабақшамызда өтетін

«Күз сыйы» атты қолөнер көрмесіне қатысуға шақырамыз!

Көрмеге ата-ана мен бала бірігіп жасаған күзгі табиғи материалдардан дайындалған шығармашылық жұмыстар қабылданады.



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Күзгі дәрумендер»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Аманжол

Тақырыбы: «Күзгі дәрумендер»

Құрметті ата-аналар!

Күз мезгілі – ағзаны дәрумендермен толықтыратын ең пайдалы кезеңдердің бірі. Бұл уақытта көкөністер мен жемістер мол болып, балалардың денсаулығын нығайтуға үлкен мүмкіндік береді.

Күзгі дәрумендердің пайдасы:

Алма – иммунитетті күшейтеді, тәбетті ашады.

Сәбіз – көздің көру қабілетін жақсартады.

Асқабақ – ағзаға күш береді, дәруменге бай.

Жүзім – қуат береді, шаршауды азайтады.

Картоп – бала ағзасына қажетті минералдарға бай.

Алмұрт – ас қорыту жүйесіне пайдалы.

Ата-аналарға ұсыныс:

Баланың күнделікті ас мәзіріне жеміс-жидек пен көкөністі көбірек қосыңыз;

Табиғи шырындар мен салаттар дайындаңыз;

Дәрумендерді уақытында қабылдауға көңіл бөліңіз;

Баланың таза ауада серуендеуін қадағалаңыз;

Жеке бас тазалығын сақтауға үйретіңіз.

Бала денсаулығын нығайтудың қарапайым жолдары:

✓ Таңертеңгі жаттығу жасау

✓ Дұрыс тамақтану

✓ Уақытылы ұйықтау

✓ Белсенді қимыл-қозғалыс

✓ Көңілді көңіл күй

Денсаулық – зор байлық!

Бала денсаулығын бірге нығайтайық!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «5 жастағы баланың даму ерекшеліктері.»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Аманжол

Тақырыбы: 5 жастағы баланың даму ерекшеліктері.

Танымдық дамуы

Түстерді, пішіндерді, сандарды ажырата алады;

Қарапайым логикалық тапсырмаларды орындайды;

Сұрақ қоюға қызығушылығы артады;

Есте сақтау қабілеті дамиды.

Сөйлеу тілінің дамуы

Өз ойын еркін жеткізе бастайды;

Сөздік қоры көбейеді;

Әңгіме құрап айтуға талпынады;

Өлең, тақпақ жаттауға бейім болады.

Әлеуметтік дамуы

Құрдастарымен қарым-қатынас жасайды;

Ортақ ойындарға қызығады;

Үлкендердің сөзін түсініп, орындауға тырысады;

Өз эмоциясын білдіре алады.

Шығармашылық қабілеті

Сурет салуға, мүсіндеуге қызығады;

Рөлдік ойындарды жақсы көреді;

Ән айтып, би билеуге белсенді қатысады.

Дене дамуы

Қимыл-қозғалысы ширақ болады;

Жүгіру, секіру, тепе-теңдік сақтау дағдылары дамиды;

Ұсақ қол моторикасы жетіледі.

Ата-аналарға кеңес:

- ✓ Балаңызбен көбірек сөйлесіңіз;
- ✓ Кітап оқып беруге уақыт бөліңіз;
- ✓ Бірге ойын ойнаңыз;
- ✓ Баланың жетістігін мадақтап отырыңыз;
- ✓ Тәуелсіз әрекет жасауына мүмкіндік беріңіз;
- ✓ Күн тәртібін сақтауға үйретіңіз.

Әр бала – ерекше тұлға.

Оның дамуына мейірім мен қолдау ауадай

**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Қош келдің,Жаңа жыл!»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Аманжол

Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты:

Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, мерекелік көңіл күй сыйлау, ән айтуға, би билеуге, таппақ айтуға баулу.

Безендіру:

Әсем безендірілген шырша, қар ұлпалары, түрлі-түсті шамдар, Жаңа жыл кейіпкерлері.

Кейіпкерлер:

Аяз ата

Ақшақар

Қоян

Қасқыр (немесе басқа ертегі кейіпкері)

Ертеңгіліктің барысы.

Кіріспе

(Көңілді әуенмен балалар залға кіреді, шыршаны айналып тұрады.)

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар!

Бүгінгі балалардың асыға күткен

«Қош келдің, Жаңа жыл!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Балалардың таппағы:

Бекзат:

Жаңа жылым мол болсын,
қадам оң болсын!

Басқан

Айшан:

Аппақ қарлар жауады,
Шыршамыз жайнап тұрады.

Томи:

Қош келдің сен Жаңа жыл,
Қуаныш сыйлап әр үйге!

Ән: «Шырша жыры» (Балалар ән орындайды.)

Би: «Қар ұлпалары»

(Қыздар биі.)

Кейіпкер шығуы (Қоян көңілсіз болып келеді.)

Жүргізуші:

Қоян, не болды? Неге көңілсізсің?

Қоян:

Мен Аяз атаны таба алмай жүрмін.

Балаларға сыйлық әкелетін жолды ұмытып қалыпты.

Жүргізуші:

Олай болса бәріміз бірге Аяз атаны шақырайық!

Барлығы:

Аяз ата! Аяз ата!

Аяз ата мен Ақшақар келеді

Аяз ата:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Жаңа жыл құтты болсын!

Ақшақар:

Өнерлі балаларды көргім келеді!

Тақпақтар айту

(Балалар кезекпен тақпақтарын айтады.)

Ойын: «Қар жинау»

(Балалармен ойын ойналады.)

Ортақ би

«Қош келдің, Жаңа жыл!» биі.

Сыйлық тарату

Аяз ата балаларға сыйлық береді.

Аяз ата:

Тәртіпті, ақылды бала болып өсіңдер!


Қорытынды

Жүргізуші:

Осымен мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.

Жаңа жыл әр шаңыраққа қуаныш, бақыт әкелсін!

Жаңа жыл құтты болсын!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Әкем, анам және мен-спорт сүйер отбасым»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Аманжол

Тақырыбы: «Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасым»

Мақсаты:

Отбасы мүшелерін спортқа баулу, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Безендірілуі:

Шарлар, спорттық суреттер

«Дені саудың – жаны сау»

«Әкем, анам және мен!» жазуы

Әуендер

Қажетті құралдар:

Доптар, кегли, құрсау, арқан, қапшық, себет, жалаушалар.

Сайыс барысы

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар мен бүлдіршіндер!

Бүгінгі «Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасым» атты көңілді спорттық сайысымызға қош келдіңіздер!

Спорт – денсаулық кепілі.

Отбасымен бірге спортпен айналысу — татулық пен бірліктің белгісі.

Таныстыру кезеңі

Әр отбасы өздерін таныстырады:

Отбасы атауы

Ұраны

Үлгі:

Топ аты: «Қыран»

Ұраны:

«Шынықсаң шымыр боларсың,

Спортпен дос боп озарсың!»

Сайыс кезеңдері

1-сайыс: «Жылдам жет»

Бала жүгіріп барып жалаушаны алып келеді, кейін анасы, соңында әкесі.

2-сайыс: «Допты жеткіз»

Қасыққа доп салып кедергіден өту.

3-сайыс: «Кім епті?»

Құрсаудан секіріп өтіп, кеглилерді айналып келу.

4-сайыс: «Картоп жинау»

Себеттегі доптарды тез жинау жарысы.

5-сайыс: «Арқан тарту»

Екі отбасы арқан тартып күш сынасады.

Сергіту сәті

Балалар биі немесе көңілді әуенмен қимыл жасау.

Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгін біз спорттың тек денсаулық емес, отбасы бірлігінің кепілі екенін көрдік.

Барлық отбасыларға белсенді қатысқандары үшін алғыс айтамыз!

Марапаттау

«Ең ұйымшыл отбасы»

«Ең шапшаң отбасы»

«Көңілді отбасы»

Мадақтамалар мен сыйлықтар табыстау.

Қорытынды сөз:

«Әкем, анам және мен —

Бақытты біз отбасы!

Спортпен бірге шынығып,

Өссін дені баланың!»



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Аманжол

Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»

Мақсаты:

Балаларға қазақтың ұлттық ойындарын таныстыру, ептілікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау.

Міндеттері:

Ұлттық құндылықтарға қызығушылықтарын арттыру;

Қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту;

Топпен жұмыс жасауға үйрету.

Қажетті құралдар:

Арқан, асықтар, орамал, қаптар, доптар, кегли, қамшы макеті, ұлттық әуендер.

Безендіру:

Қазақы ою-өрнектер, киіз үй бейнесі, ұлттық нақыштағы көрнекіліктер.

Сайыс барысы

Кіріспе

(Ұлттық әуенмен балалар залға кіреді.)

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар!

Бүгінгі «Ұлттық ойындар» атты спорттық сайысымызға қош келдіңіздер!

Қазақ халқының ұлттық ойындары – батылдыққа, ептілікке, шапшаңдыққа баулитын асыл мұра.

Командаларды таныстыру

1-топ: «Тұлпар»

Ұраны:

Тұлпардай біз шабамыз,

Жеңістерге барамыз!

2-топ: «Қыран»

Ұраны:

Қыран құстай самғаймыз,

Биіктерден табыламыз!

Сайыс кезеңдері

1-кезең: «Арқан тарту»

Екі топ арқан тартып жарысады.

2-кезең: «Асық жинау»

Балалар белгіленген жерден асықтарды жинап себетке салады.

3-кезең: «Қаппен секіру»

Қапқа кіріп мәреге дейін секіріп бару.

4-кезең: «Орамал тастау»

Шеңбер бойымен ұлттық ойын ойналады.

5-кезең: «Кім жылдам?»

Кедергілер арасымен жүгіріп өту.

Сергіту сәті

«Қара жорға» биі.

Қорытынды бөлім

Әділқазылар сөзі

(Мадақтау, жеңімпаздарды анықтау.)

Марапаттау:

«Ең ұйымшыл топ»

«Ең жылдам ойыншы»

«Ең епті қатысушы»

Жүргізуші:

Бүгінгі сайысымыз өте көңілді өтті!

Ұлттық ойындарымыз ұмытылмасын,

Салт-дәстүріміз жасай берсін!

Қатысқандарыңызға рақмет!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Анашым-асыл жан!»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Жеке серігіде!
Ана

Тақырыбы: «Анашым – асыл жан!»

Мақсаты:

Анаға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін арттыру, балалардың өнерін көрсету, мейірімділікке тәрбиелеу.

Безендіру:

Гүлдер, жүрекшелер, «Анашым – асыл жан» жазуы, шарлар.

Кейіпкерлер:

Жүргізуші:

Ана

Көктем ханшайымы (қалау бойынша)

Ертеңгіліктің барысы

Кіріспе

(Өуенмен балалар залға кіреді.)

Жүргізуші:

Армысыздар, аяулы аналар, қадірлі қонақтар!

Бүгінгі «Анашым – асыл жан» атты мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Ана – өмірдің шуағы,

Ана – мейірім бұлағы.

Әр баланың жүрегіндегі ең қымбат жан – Ана!

Тақпақтар

1-бала:

Анашымды сүйемін,

Айтқан тілін білемін.

2-бала:

Анашым менің тірегім,

Қуантып жүрер жүрегім.

3-бала:

Анам менің күнім ғой,

Шуағым мен гүлім ғой.

Ән: «Анашым»

(Балалар ән орындайды.)

Би: «Гүлдер биі»

(Қыздардың биі.)

Ойын бөлімі

Ойын: «Анама көмектесемін»

Балалар себетке ойыншықтарды тез жинайды.

Ойын: «Гүл сыйлау»

Балалар аналарына гүл апарып береді.

Ана туралы көрініс

(Қысқа сахналық қойылым.)

Ән: «Анашым, жаным»

(Ортақ ән.)

Ата-аналарға жылы лебіз

Жүргізуші:

Қымбатты аналар!

Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, отбасы амандығын тілейміз!

Балаларыңыздың қызығын көріңіздер!

Қорытынды.

Балалар хормен:

Анашым, біз сіздерді жақсы көреміз!

Мереке құтты болсын!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Жасыл балабақша»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж



Тақырыбы: «Жасыл балабақша»

Мақсаты: Балаларға табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау туралы түсінік беру, экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Міндеттері:

Табиғатты қорғауға тәрбиелеу;

Еңбекке баулу;

Ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Ұраны:

«Таза табиғат – жарқын болашақ!»

Акция барысы

Кіріспе

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар мен балалар!

Бүгін біз «Жасыл балабақша» атты экологиялық акцияға жиналып отырмыз.

Табиғат – біздің байлығымыз.

Оны қорғау – әр адамның міндеті!

Балалардың тақпақтары

Даулет:

Табиғатты сүйеміз,

Таза жүріп жүреміз.

Аружан:

Гүлді жұлмай қорғаймыз,

Ағаштарды баптаймыз.

Ахмет:

Жасыл әлем жайнасын,

Таза ауа тарасын!

Практикалық бөлім

«Ағаш отырғызу»

Балалар мен ата-аналар бірге гүл немесе көшет отырғызады.

«Гүлге қамқорлық»

Гүлдерге су құю, топырағын қопсыту.

«Таза аула»

Ауладағы қоқыстарды жинау акциясы.

Ойындар

Ойын: «Қоқысты сұрыпта»

Балалар қағаз, пластик, табиғи қалдықтарды бөлек жинайды.

Ойын: «Кім жылдам су құяды?»

Командалық жарыс.

Ән мен би

«Табиғатым» әні

«Гүлдер» биі

Ата-аналарға үндеу

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар!

Балаларға табиғатты қорғауды кішкентай кезінен үйретейік.

Табиғатты аялау – болашақты қорғау!

Қорытынды

Балалар хормен:

Табиғатты қорғаймыз!

Жасыл әлемді қолдаймыз!

Акцияға қатысқандарыңызға рақмет!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Табиғатты аялау-экологиялық тәрбие қалыптастыру»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Серал

Табиғат: «Табиғатты аялау – экологиялық тәрбие қалыптастыру»

Мақсаты:

Балаларда табиғатты сүйю, қорғау, ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру және экологиялық мәдениетті дамыту.

Табиғатты аялау деген не?

Табиғатты аялау – қоршаған ортаға зиян келтірмеу, өсімдік пен жануарларға қамқор болу, суды, ауаны, жерді таза ұстау.

Экологиялық тәрбиенің маңызы:

Баланы жауапкершілікке тәрбиелейді;

Табиғатты қорғау дағдысын қалыптастырады;

Еңбекке баулиды;

Тазалық пен ұқыптылыққа үйретеді.

Балаларға үйретудің қарапайым жолдары:

1. Өсімдікке күтім жасау

Гүл суару;

Тұқым егу;

Ағаш отырғызу.

2. Тазалық сақтау

Қоқыс тастамау;

Аула мен бөлмені таза ұстау;

Табиғатты ластамау.

3. Жануарларға қамқор болу

Құстарға жем беру;

Жануарларды ренжітпеу.

4. Суды үнемдеу

Кранды ашық қалдырмау;

Суды қажетіне қарай пайдалану.

Ойын арқылы үйрету:

«Қоқысты сұрыпта» ойыны;

«Табиғатты сақтайық» сурет салу;

«Жасыл әлем» құрастыру;

«Кім тез жинайды?» жарысы.

Ата-аналарға кеңес:

Баламен табиғатқа жиі серуенге шығыңыз;

Үйде гүл өсіруге баулыңыз;

Қоршаған орта туралы әңгіме айтыңыз;

Өз үлгіңізбен тәрбиелеңіз.

Қорытынды:

Табиғатты аялау – әр баланың жүрегінде кішкентай кезден қалыптасуы тиіс үлкен құндылық.

Табиғатты бірге қорғайық! Болашақты бірге сақтайық!



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны.**



«Балапан»тобы

Тақырыбы: «Бір жылда не үйрендік?»

Тәрбиешілер: Байманова.А.Г

Қазыбаева.Д.Д

2023-2024ж

Тексерілді:
Алину

Тақырыбы: «Бір жылда не үйрендік?»

Мақсаты:

Өткен оқу жылының нәтижесін қорытындылау, балалардың жетістіктерін көрсету, ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар!

Бүгін біз оқу жылының қорытынды жиналысына жиналып отырмыз.

«Бір жылда не үйрендік?» атты іс-шарамызға қош келдіңіздер!

Балалардың жетістіктері:

Осы оқу жылында балалар:

Түстер мен пішіндерді ажыратуды үйренді;

Сөйлеу тілі дамыды;

Тақпақ, ән, би үйренді;

Достарымен қарым-қатынас жасауды меңгерді;

Еңбек дағдыларын қалыптастырды.

Тақпақтар

Алину:

Біз бір жылда өстік,

Көп нәрсені үйрендік!

Гүлнара:

Сурет салып, ойнадық,

Дос болуды ойладық.

Айлин:

Ән айтып, би биледік,

Бәрін жақсы білдік!

Ән: «Біз өсіп келеміз»...